

Қ.С. Қалыбекова*, Қ.М. Хамзина

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қазақстан
(E-mail: kalam09@mail.ru, jako199473@mail.ru)

Қазақ прозасындағы адам мен табиғат байланысының көрінісі (Қ. Ысқақов романдары бойынша)

Мақалада көркем әдебиеттің жетекші жанрына жататын прозалық туындылар талданған. Бұл еңбекте қазақ прозасының 70-жылдарындағы өзіндік ерекшеліктерінің басты көріністері және осы уақыттағы әдебиеттің көрнекті өкілі — Қалихан Ысқақовтың шығармашылығының зерделенуі болып табылады. Сонымен қатар мақалада жазушы шығармашылығындағы шындықтың, замана проблемаларының айқын көрініс табуы және туған жерінде болып жатқан кері үдерістерге баса назар аударуы арқау етілген. Қ.Ысқақовтың «Ақсу — жер жаннаты», «Қара орман» романдары арқылы жалпы адамзатты соңғы жылдары қатты алаңдатып отырған экология проблемасының өткір түрде көрсетілуі қарастырылды. Жазушы табиғат экологиясы мен адам жанының кемелдік деңгейге жету үрдісін органикалық тұтастықта қарастыруы нәтижесінде шығармаларының салыстырмалы, типологиялық байланыс санаттарына мейлінше молынан ие болуына қол жеткізе алған. Қаламгер қолтаңбасы, шеберлік нақыштары, стильдік даралығы талдау арқауына айналды. Талданған шығармаларда мазмұн мен пішін, көркемдік тәсілдер, тарихи шындық пен көркемдік шешім т.б. мәселелерге баса назар аударылды. Әйткенмен, нақты түрде, ресми, тарихи құжаттарға сүйене отырып, негізгі ой-пікір, тұжырымдардың тың болуына басты назар аударылды. Осы және басқа да мәселелер авторлық еңбекте көркемдік әдістер аясында қарастырылған.

Кілт сөздер: проза, жазушы, табиғат, экология, кейіпкер, проблема.

Kipicne

Әдебиет — адамтану ғылымы. Олай болса, жоғарыда айтылған жайттардың кімдердің алдына айрықша міндет жүктегені және мәлім. Ақын-жазушы — адам жанының инженері. Егер жер бетіндегі ең күшті, ең құдіретті жаратынды адам болса, неліктен оның құдірет-күшін жақсылық ұғымының жеңіске жетіп, мәртебесі биік болуы жолындағы әрекетке бағыттамаймыз? Дүниеде ананы немесе мынаны өзгерту керек, жаңарту керек деп жатамыз, ал, құдіретті күшті адамның пейілі-пиғылын өзгертуге неге талпыныс жасамаймыз?

С. Қирабаев: «Әдебиеттің негізгі зерттейтіні — адам мен оның өмірі, еңбегі екені жалпыға мәлім. Алайда, оны көркем бейнелеудің жолы алуан түрлі. Біреу адам өмірін оның нақты іс-әрекетін суреттеу арқылы тырысса, біреулер оның ойын, айналасын, өмір сүрген ортасын танытуға көңіл бөледі. Осындайда адаммен қарым-қатынаста болатын өмір құбылыстарының ешқайсысы да сырт қалмайды» деген болатын [1; 101].

Асылы, ұлттық белгілеріне қарап, ағылшын әдебиеті, қазақ әдебиеті, жапон әдебиеті, орыс әдебиеті деп жатамыз. Шын мәнінде қандай ұлттың әдебиеті болсын, оның ең үздік үлгілері әлем әдебиеті атты ұлы мұхитқа барып қосылады. Адамзат баласының шығу тегі біреу-ақ болса, әдебиеттер де әлемдік әдебиеттің бір-бір бөлшегі. Адамды зерттеу, адамды зерттеу нысанына айналдыру, адамды өзгерту, адамдық пейілін, пиғылын дұрыс жолға бағыттау — өткен ғасырдың алпысыншы жылдары ерекше міндеттеген мақсаттар болатын. Барша әлем әдебиетінің алдында тұрған міндеттер де осынау жоғарыда айтылған проблемалардан туындаған еді.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан басталған қазақтың ұлттық әдеби үдерісі төлтумалық мәдениетімізге қосылған қомақты үлес болып табылады. Академик С. Қирабаевтың осы заман әдебиеті жайлы «Жасырмай айтсақ, біздің бүгінгі профессионалды, әлемге танылған әдебиетіміз — сол жылдардың жемісі. Сол жылдар әдебиет жанрларын байытып, жетілдірді», — деген байламына келіспеуге болмайды» деген сөзі бар [2; 134]. Мақсатымыз — Қ. Ысқақов, М. Мағауин, Ә. Тарази, Д. Исабеков, О. Бөкеев, Ә. Сараев, Т. Әбдіков т.б. қаламгерлердің шығармаларына арқау болған, елуінші жылдардың екінші жартысында қоғамда орын алған «жылымық» сәт, адам болмысына терең

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kalam09@mail.ru

үнілу, мазмұны т.б. жайттарды тереңінен талдау. Осы мақсатта әдебиеттің көрнекті өкілі — Қалихан Ысқақовтың шығармашылығындағы романдары бойынша адам мен табиғат байланысының көрінісі зерделенді. Егер жалпыадамзаттық өткірлігімен алапат қауіп туғызып отырған экология мәселесіне қалам тартқан жазушылар әлемде көптеп саналатынын ескерсек, негізгі мақсаттың Қ. Ысқақов романдары көркемдік-эстетикалық ұғымдар тұрғысынан солардан несімен ерекшеленеді; ұлттық ауқымында нендей сипаттармен дараланған; сөз өнеріндегі Табиғат-ананы құрту проблемасына, ашкөздік, тойымсыздық сияқты жалпылық сипат алған дүниелерден Қ. Ысқақов шығармаларының нақтылығы, шынайылығы неде деген мәселелер төңірегінен табылғанын айтқан жөн.

Қалихан Ысқақовтың шығармашылығын зерттеген К.А. Төлеубаева, З. Қабдолов, Ә. Бөпежанова, Д. Исабеков, Ә. Тарази, С. Мұратбеков, С. Оспанов, Д. Әшімханұлы, Қ. Жұмаділов, М. Әйтімов, Ш. Шортанбаевтардың еңбектерінде жазушының осы мәселені жеткізудегі шеберлік қырлары кеңінен ашылып көрсетілген. Солардың кейбіріне тоқталсақ, «Сөз саралауда, сөйлем құрауда, жалпы өнер өрнегін төгуде — Қ. Ысқақов біртүрлі бір екпіндік пен кең тыныс танытуда», – дейді академик Зейнолла Қабдолов [3]. Ал Әлия Бөпежанова «Жазушы Қалихан Ысқақов ұғымында — адам бойындағы жағымсыз қасиеттер туа бітпеген. Оның бәрін адам тағдыр тәлкегіне түскенде жамап алады. Бірақ, қанша дегенмен, адамның аты — адам. Жүрегінде ізгіліктің, жақсылықтың, адамгершіліктің сәулесі бар. Соны таба білу керек. Оята білу керек. Сондықтан да суреткер кейіпкерлерінің де, замандастарының да бойынан осындай қасиеттердің ұшқынын іздейді. Бұл сипаттар, әсіресе, оның «Қара орман», «Ақсу — жер жаннаты» романдарында көрініс тапқан», – дейді [4; 170].

Зерттеудің деректері мен әдістері

Осынау серпінді топ өкілдерінің қатарына жазушы Қ. Ысқақов жатады. Қаламгер өз шығармаларында дәуір шындығын, әлеуметтік ақиқатты мейілінше шынайы көрсетуге тырысты. Және бір атап өтер жайт, жазушы экология мәселесін басты назарда ұстады. Бір-біріне ұқсай бермейтін қаһармандарды сомдады. Табиғатты аялау, күту проблемасын ерекше көтере білген Қ. Ысқақов аз кейіпкерлерін сомдау арқылы табиғат, айнала қоршаған орта экологиясын қызғыштай қоруға үндей отырып, адам жанының экологиясына да ерекше көңіл бөлді.

Табиғат — адам — қоғам. Осынау ұштағанның үйлесімділігін бұзбауға көптеген жазушылар шығарма арнады. Жоғарыда айтқанымыздай, Қ. Ысқақов, Ә. Нұрпейісов, М. Мағауин, Ш. Мұртаза, Р. Тоқтаров т.б. сияқты қазақ жазушылары әлеуметтік шындықты жариялай көрсетсе, көптеген зерттеушілер, зиялы қауым өкілдері осынау өткір проблемаға қатысты үн қосты, мәселен, С. Әшімбаев, Т. Тоқбергенов, ұжымдық жинақ. Бір жайтты есте ұстаған абзал. Табиғатты аялау өмірді аялау деген сөз. Табиғат — қазақ ұғымында ана. Сондықтан да жер-ана деп жататынымызды кең мағынасында түсінгеніміз абзал. ХХ ғасырда бүкіл әлем халқын айрықша алаңдатқан да осы экология проблемасы болатын. Бір ғана Қазақстан жеріндегі Семей полигоны ондай ажал ағын жаудырған түрлі сутегі, ядролық сынақтар, Алтайдың ну орман тоғайларының құри бастауы, кебуге айналған Арал, біртін-біртін құрғап бара жатқан Балқаш, түрлі әскери сынақ алаңдары бәрі де адам ашкөздігінің, тойымсыздығының белгісі еді.

Экология проблемасы бойынша Қ. Ысқақовтың «Ақсу — жер жаннаты» романы, ортақ нысандарды қарастыру барысында сондай-ақ «Қара орман» шығармасы таңдалды. Жеке пікірдің жалпы пікірге, бір қаламгер идеясының жалпы суреткерлер толғамына ұласып, бір көзқарас төңірегінде тоқайласуын ашып саралау үшін тарихи, салыстырмалы, салыстыру арқылы идея үндестігін сараптау әдістері бірінші кезекке шығарылды.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Ұлттық санаға бұғау салынған кешегі тоталитарлық дәуір қарсаңы мен бүгінгі тәуелсіздік заманында өнер туындысына талдау жасаудың арасы жер мен көктей екені мәлім. Сондықтан да кешегі дәуірде айта алмаған шындықты бүгін айтып жатырмыз. Демек, ұлттық әдебиетке талдау жасау дегеніміз белгілі бір принцип, қағида-ережелерге сүйену деген сөз. Ал, көркем шығарманы талдау, әділ бағасын беру әдебиеттану ғылымының міндеті екені аян. Соңғы жылдары тәуелсіздік таңының арқасында әдебиеттану ғылымының өркендеп, дамығанын, әлі де дами беретінін ешкім де жоққа шығармас.

Қандай халықтың, қандай ұлттың болмасын, рухани, мәдени, төлтума игіліктерін сол халық немесе сол ұлт өзгеге бодан, кіріптар боп тұрғанда талдап, зерделеу бар да, өз еркі өзіне тиіп, өз

тізгініне өзі ие болғанда саралап, зерттеу бар. Халықтың, ұлттың рухани игіліктерін жасаушы тұлға — ақын-жазушы өзі ғұмыр кешіп отырған қоғамынан, сол қоғамның талап-тілегінен тыс тұра алмайды. Қоғам ұсынып, талап еткен міндеттерге сөзсіз мойынсыну, сол тілектерді құлшына, еш сөзге келмей орындау бар, сонымен қатар сол талап-тілектерге іштей болса да қарсылық білдіру, шынғырған шындықты тұспалдап, ишаралап жеткізу бар.

Уақыт және кеңістік (М. Бахтинше «хронотоп», Т. Жұртбайша «жазушы идеясының алғышарты», Б. Майтановша «мекеншақ») ауқымында Адам — Қоғам — Сана ұштағанының даму немесе іркілу, ілгерілеу үрдісі тұрғысынан алғанда белгі бере бастаған бір жайттың адамды селт еткізіп, дүр сілкіндіретіні бар. Атақты ойшыл Аристотельдің пайымдауынша: «Бізді қоршаған табиғат ішіндегі белгісіздердің белгісізі ол — уақыт. Уақыт деген не, оны қалай басқаруға болады, бұны ешкім білген емес», — деп тұжырымдайды ойшыл. Аристотель «уақыт» туралы түсінігін «уақыт қозғалыспен тығыз байланысты, бірақ ол екеуі тең болмайды» деген қорытынды жасайды [5; 59].

Егер періште емес, пенде болғандықтан, небір келеңсіз істерімізді уақытқа, заман талабына сілтеме жасап («уақыт сондай болған», «заман талабы ерекше боп еді ғой» дегендей, алайда уақыттың сол кешегі немесе бүгінгісінде еш айырмашылықтың жоқ екенін, заман да адамдар пиғылы мен іс-әрекетінің арқасында өзгеріске түсіп жатқанын елей бермей), басымызды арашалап алуға тырысқанымызбен, сананы жайлаған ашкөздіктің табиғатқа айнала қоршаған ортаға өктемдігінің басымдығын айта береміз. Адамдар тобы қоғам деп аталады. Бір немесе бірнеше адамның табиғат-ананы қорлап, байлық көзіне айналдыруы қоғам тарапынан, билік иелері тарапынан еш тосқауыл көрмесе, онда тұтас қоғам санасының ашкөздік дертіне бой алдыруы және бойы үйреніп, сол сырқаттан жазылуды мақсат тұтпағандығы деп білгеніміз жөн.

Табиғатпен үйлесімді бұзушылықтың орасан зор зардабы әлем халқын аландатты, соның нәтижесінде табиғат экологиясының адам жанының экологиясына жай-жапсарына үнілуімен тығыз байланысын сезген танымал қаламгер жар салды, жан айқайын баршаға естіртуге күш салды. Қазақ, орыс, басқа елдер жазушылары: Д. Адамсонның «Рожденная свободной», Ш. Айтматовтың «Жанпида», Ә. Нұршайықовтың «Соңғы парыз», С. Алексиевичтің «Чернобыльская молитва», В. Астафьевтің «Царь-рыба», В. Распутиннің «Прощание с Матерой», С. Санбаевтың «Белая аруана», Д. Бриннің «Красный свет», Р. Сейсенбаевтың «Отчаяние, или Мертвые бродят в песках», С. Мұратбековтың «Жабайы алма» және т.б., сондай-ақ жоғарыда сөз етіп отырған Қ. Ысқақовтың қос романы, әрине, әлем әдебиетіндегі барлық шығармаларды тізіп шығу мүмкін емес, бәрі де осы ойымыздың нақты дәлелі.

Ұлттық ерекшелігіне орай жалпыадамзаттық проблемаға жататын экологиялық апатқа әр ел қаламгерлерінің көзқарасы да әрқилы. Идея ортақ. Тек ұлттық төл топырақ қана басқа. Осы тұрғысынан келгенде, Қ. Ысқақов кейіпкерлері өздері сезіне қоймаса да, небір алапат, тағдыркешті оқиғалар арасында жүреді.

Суреткерлік қарым, қолтаңба даралығы тұрғысынан келсек, жазушы машығына:

«Адамның үш тағандық тұтастық — тән, жан, рух бірлігінен тұратыны сияқты, әрбір ұлттық тұтастық та үш тағанды бірліктен тұрады: ұлттық табиғат — ғарыш, психея — халықтың мінезі және логос — ой қатпары» қағидасына сүйенсек [6; 336].

Қ. Ысқақов ұлттық болмыс иірімдерін түрлі мінездер, қоғам ұстанымы, тіпті өздері де (кейіпкерлер) аңғармай, алашапқын ғұмыр кешіп жатқан сәттерімен органикалық бірлікте алғаны жатады:

- Асекең, Сифат, Бекет, Бескемпір, Сан Саныч, Әбдіжаппар т.б. тұтаса келіп, автор ұйғарымымен әрқайсысының ішкі әлпетін аша бермейтін жұмбақ жанға айналуы жатады;

- Туған жер, төл топырақ, атамекендегі жөн-жобасыз қатыгездікпен өктемдік құра бастаған экологиялық апатқа бәрі болмаса да, роман кейіпкерлерінің біразы (әсіресе Бекет) кеш те болса аңғара бастаған сәтте жазушының оларды жалындай шарпысу, ағымдап, арпалысу сезімінің аясында даралай көрсете білуі жатады;

- Авторлық ұстанымнан туындаған идеямен сарындас лирика-психологиялық сарын және философиялық тереңдікке ұмтылу жатады.

Бұл айтылғандар жазушының өзіндік мәнеріне, сондай-ақ ұлттық сипат ерекшеліктеріне тән белгілер, жаңашылдық әрі жалпыадамзаттық өткір проблемалар легіне үн қосуына жатады дер едік.

Автордың поэтикалық ізденісі, тіпті шағын ғана диалог құрудағы жаңашылдығынан, шеберлігінен айқын аңғарылып, болашақ суреткер жазушының характер жасаудағы, образ сомдаудағы өзіне тән стильдік ерекшелігі айқын байқалып тұр [7; 108].

Қ. Ысқақовтың «Қара орман», «Ақсу — жер жаннаты» романдарына тұтастай Алтай табиғаты, сол жерді мекен еткен адамдар тағдыры бейнеленген. Аталмыш романдардың өзектілігі — рухани болмыстан туындайтын жан экологиясының проблемалары басты арқау етіп алуында. Қаламгер Алтай өңірінде болған аласапыран оқиғаларды адамдар тағдыры арқылы суреттей отырып, сол арнада рухани және экологиялық проблемаларды алға тартады. Осы жағынан келгенде сыншы Т. Тоқбергеновтің: «Адамды, адамның тағдырын суреттеу, жалпы, анық суреткерге лайық мінез Қалиханға тән, Қалиханға қонған бақ ол өзі туып-өскен Алтай өңірінен көз жазған емес. Осы кезге дейін жазған шығармасынан Алтай тұрғындарын, Алтай табиғатын, алтайлықтардың тағдырын көреміз» [8; 480], – деген пікірі — әділ баға.

Қ. Ысқақов шығармаларының қай-қайсында да алтын арқау — адамдар тағдыры, кейіпкерлер болмысы. Жазушы қандай мәселені алға тартса да, қаһармандар әрекеті, қаһармандар сезімі мен ойы арқылы өрістете жеткізеді. Көркемдік-әлеуметтік салмақ арқалаған сондай кейіпкерлердің бірі — Бекет.

Бекет образынан қаламгердің табиғат әсемдігі мен адам рухының асқақтығын танытуды мұрат тұтқан авторлық тұғырнамасын айқын байқаймыз. Бұл жәйт Бекеттің Туған жердің ну орманын, қалың тоғайын қорғау, аялаудағы жан арпалысынан айқын таныла түседі. Өйткені Бекет үшін Алтай тағдыры оның өмірінің мәні және туған елінің күретамыры. Туған жерінің күретамыры іспеттес қалың орманның қатпар-қатпар тамырын балталап жатса, ну тоғайын тонап, жалаңаштап жатса қалайша күйзелмесін, қалайша егілмесін.

«Ұшпаға дестелеп жиған ағаш стандартқа толмаған балапан қарағайлар екен. Бекет кубометрін есептеп, блокнотына жазды. Кесілген орманның гектары мен ауданын картаға түсірді де, Жындысай учаскесіне крест салды. Енді орман қоры ретінде бұл өңірден Жындысайдың да аты өшті деген сөз, адам аяғы, ат тұяғы болмаса ит арқасы қиянға техника дәрменсіз, ағаш егіліп, егін себе алмайсың, шаруаға септігі жоқ таз төбенің бірі болып қала береді...» [9, 232]. Міне, табиғат байлығына, қоршаған ортаға деген немқұрайдылық салдарынан туған жердің нулы орман қорының бір бөлігі адам қолымен құртылады. Жазушының әр сөйлемінде әлеуметтік өмірдің шынайы кескін-келбеті бар. «Стандартқа толмаған балапан қарағайлар», «кесілген орман», «крест салды», «аты өшті», «тас төбе». Мұны табиғатқа жасалып отырған қиянат эволюциясының шағын көрінісі деуге болады.

Қандай да болмасын қиянат, қаталдық пен қатыгездіктің туындау себептері бар. Оның басты себебі — кісіліктің жоқтығы, адами қасиеттің төмендеуі. Ол адам үшін ғана емес, қоғам үшін де қауіпті. «Қара орман» романында көтерілген адамгершілік мәселесі Сифаттың мына монологында айқын аңғарылады: «Маған салса, жұртқа аттестат үлестірмей тұрып, мектеп есігін ашарда баламды психиатрға апарған болар едім. Кісілік деген емтихан осыдан басталса керек. Кім ел басқарады, кім күрек ұстайды, бәріне де әуел бастан баулығанға не жетсін... ..Жауыз бен қаскөй, карьерист пен күншіл-дарынсыздан, тоғышар-жабайыдан, барықсыз дарақы-тексізден. Адамның санасы мен тегіне социуравниловка принципі жүрмеуге тиіс...». Демек, қоғамда асқынған дерт, яғни парықсыздық, дарынсыздық, қаскөйлік, жауыздық, тоғышарлық, теңсіздік сияқты індеттер орын алған жағдайда түрлі әлеуметтік әділетсіздік, қиянат, бұрмалаудың да туындауы заңды. Ал ондай қоғамда рух экологиясы және содан өрістейтін келеңсіздік адамды қара ормандай адастыратыны және тоздыратыны ақиқат.

Сифаттың кісілік келбеті, азаматтық тұлғасы туған жер байлығын, табиғатты ысырап етпеу сияқты келелі де өміршең мәселеде еселене түседі.

«Темір бетон аяқтың астында жатқанда бұзау байлайтын қазық үшін қарағай жықпай, енді табиғатқа да бір мезгіл тыныс беретін уақыт жетті. Сен маған мынау жұтап қалған таулардың қиясына техника шығарып, соқа салып берші? Адыра қалған аңы мен құсын айтпай-ақ қояйын, кешегі ит тұмысығы өтпейтін есіл тайганы қалпына келтіріп көрші? ...Солай! ...Ойланбай істеген шаруаның соңында осындай шешілмейтін сауал қалады. Оған сен миынды ашытпасаң, мерзавчиктер бас қатырып жатпайды» [9; 232].

Жазушы Бекет, Сифат образдарын ерекшеленуде, олардың тағдырын туған жермен байланысты ашуда тартыс табиғатын тек әлеуметтік жағынан ғана емес, жеке адамның шынайы адами болмысы тұрғысынан да өрістетеді. Бұлардың әр толғанысынан өрбитін келелі мәселер сол қоғамның жан жарасы — экологиялық жағдай екенін де шығарма желісінің әр бөлігі дәлелдей түседі. Кешегі көрікті де сұлу Алтайдың тағдырына алаңдауы Бекет, Сифат образдары жазушының авторлық ұстанымынан туған деуге толық негіз бар. Қаламгер мақсаты — Алтай табиғаты мен тұрғындарының жан экологиялық жағдайын шынайы суреттеу. Пейзаждық көріністерде эстетикалық асқақ та сұлу, әсем

де кербез категориялар емес, керісінше, көркінен айрыла бастаған жұтаң да сүреңсіз бейне көрініс береді. Өзен-судың суалуына, қалың орман ағаштарының орынсыз кесіліп, шабылып, ысырапқа түсуіне сол өңір тұрғындарының бойы үйренген. Кешегі Алтай табиғаты, сол табиғат аясын мекендеген құтты елдің бүгіндері ырысы да ортайған, жер мен ел тоз-тоз болуға бет алған. Бұл — өмір шындығы десек, көркем ақиқаттың өрілуі де, өзінің шындық болмысынан ажырамаған. Әсіресе орман шаруашылығын тиімді пайдалану, жер қойнауының құнарлығын арттырудағы бейқамдық пен салғырттық шынайы берілген. «Аттыға өткел бермейтін өзендер тұяқ шыламайтын арық боп қалған соң жағасынан жайлау да кеткен» немесе «Мың ағаш кесілсе, оның бодауына он-ақ шырпы қадалады екен» деген жолдардан құрдымға бет алған туған өлке трагедиясын еш боямасыз танимыз. Әсіресе, қоғамда орын алған, яғни шаруашылық ісіндегі көзбояушылық та жазушы назарынан тыс қалмаған. «Биіктен жоғалтқан орманның гектарын ойдан толтырмақ боп леспромхоз аздаған шабындық пен жайылымды айдап тастап, боз шырша егіп еді, құр жер тарылтқанымен қоймай, ол да төрт-бес жылдан соң қурап қалып жатыр» [9, 232].

Динамитпен қопарылған жер мен ну орман, бульдозердің шынжыр табанымен тапталған туған жер тағдырына деген Шерубай жылқышының жанашырлығы, адуын іс-әрекеті де табиғатпен біте қайнасқан Шерубайлар әлеміне тән кіршіксіздікті танытады. «... Шерубай да қырсықтай жабысып балташылардың қыр соңынан қалмай-ақ қойғаны: лесопотология жөнінде инженердің басын жарғаны үшін он бес сөтке аудан басында қонақтап қайтсада беті қайтар емес. Ағашқа күл түсіп, құрт жеп жатқанында шаруасы жоқ, әйтеуір ит тұмсығы өтпейтін ну орманның көз алдында қарайып тұрғанына мәз тұтатын кәрі көңіл шыбық біткенді араның тісі мен балтаның жүзінен қорғап әлек».

Романның идеялық қуаты, тақырыптық өзектілігі туған жер табиғатын қорғау, аялау десек, бұл — адам жанының экологиялық проблемаларының туындау себебіне терең үңілген қаламгер тұғырнамасы да:

«Туған жердің топырағы кімге болсын қымбат та. Қара орманын кесіп бере қою оңай ма...»
...Адам қасиетті қара орман үшін ең қымбаттысы — өмірін тіккен...

...Бір кезде қасиетті Ақсу, қасиетті Сүндетсай еді, бүгіндері Жындысай деп қағындырып жүрсіндер ғой. Маған салса, сол адамның тілін кесіп, Жерұйық деп атар едім! Жерұйығының Ақсудай-ақ болар! [9; 232].

Бұл — романның бүкіл болмысын айқындайтын қорытынды іспеттес. Қара орман — қазақтың қасиетті атамекені. Қара орман — қазақтың қасықтай қаны қалғанша қорғап, сақтаған киелі Жерұйығы. Әр адам үшін өзінің туған жері — Жерұйық. Сондықтан да оның тауы да, тасы да, суы мен орманы да қымбат. Демек, оның табиғатын қорғау, аялау барша елдің ұлы мұраты, ұлы мақсаты болуы қажет. Осындай өзекті ой, көкейкесті толғаныс Қ. Ысқақов романдарында үзілмес желі болып жалғасып отырады. Оған «Ақсу — жер жаннаты» романы толық дәлел бола алады.

«Ақсу — жер жаннаты» романы — авторлық ұстанымды паш етуші. «Ақсу — жер жаннаты» романы — адамның рухани әлемін зерделеген туынды. Роман осы мақсатты орындаудағы автордың жанр саласындағы, мазмұн мен пішін ұғымдары төңірегіндегі ізденісі.

«Иә, жаңа роман сол «қара орманның» мүлде қайта жазылған, көп-көп өзгерістерге, көп-көп өңдеу жөндеулерге түскен, жаңадан баспа табақтай көлем қосылып, идеялық-көркемдік салауат тапқан кемел нұсқасы. Мұнда сүйекті, сүбелі шығарманың үрдісімен бүгінгі заманның ең өзекті мәселесі — ел мен жердің тағдыры табиғи ортаны аялау парызымен ұштастырылып, көркемдік шешімін тауыпты», — деген сыншы Т. Токбергенов тұжырымы Қ. Ысқақов шығармашылығына тән сипатты жаңа бір қырынан көрсетеді.

Жазушы қазақ халқы басынан өткерген түрлі қасірет, саяси зобаландар зардабын, содан туындап жатқан қиянат пен қатыгездік тамырына үңіледі. «Біз осы кімбіз?» деген кейіпкер толғанысы адам баласының адамгершілік пен ізгілік, мейірім мен парасат сияқты қасиетін қашанда сақтауына ой салады. Өйткені адамның азуы, қоғамның тозуы үдеген тұста табиғаттың да құрдымға кетуі заңды. Адамның адамға деген жүрек жылуы, жан мейірімі болмағанда адамзат түгілі ғаламзаттың да азып-тозуы болмай қоймайтын құбылыс. Ал табиғи қасиетін сақтаған адам сол табиғаттың төл перзенттері болып табылатын Сифат, Бекет, Асекеңдер десек, оларға қарама-қарсы алынған Әбдіжаппар, Тынекең, Жақып, Сибандар бойынан тек парықсыз пасық жандарға тән кесір-кесапатты аңғарамыз.

«Әрі-беріден соң романды роман қылатын актуальды мәселе емес. Бізге керегі — адамның тағдыры, мінезі, актуальды мәселенің бәрі адамға байланысты, оның пейіл-пиғылына, құлқына, ой-өрісіне байланысты. Ал, адамды, адамның тағдырын суреттеу, жалпы, анық суреткерге лайық мінез». Бұл пікірді Қ. Ысқақовтың суреткерлік шеберлігін танытатын, соған берілген әділ баға деуге болады.

Бұл қаламгерлеріміздің шығармаларындағы желісі үзілмей көзге түсіп отыратын ерекшелік — тарихи деректерді, тарих көздерін шығарма арқауына молынан кіргізгендігі [10; 42].

«Ақсу — жер жаннаты» романында қазақ жеріндегі экологиялық мәселесі мен адам жан экологиясының мәселесі бір ғана Алтай өңірімен ғана емес, өзге де аймақтармен байланыста кеңінен және жан-жақты сөз болады. Шығарма кейіпкері Василий Ивановичтің келелі мәселені ортаға салған толғанысының өзегі де табиғат-ананың азып-тозуы. Одан біріншіден, туған жер көл-суының сапасынан айырылуы, айнадай тұнық мөлдірлігінің сілті қышқылының тұнбасына айналуы, екіншіден, Алтай табиғатының азуы, үшіншіден, Арал проблемасының адамзатқа төнген қауіп тұрғысынан байыпталуы сияқты қаламгер дйттеген өзекті арна оқырманды да терең ойға салады. Бұл шығармадағы жан экологиясының проблемалар арнасын жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Мұның өзі бір ғана қазақ жерінің емес, тұтас ғаламзатқа тән алапат апат екені де ұғындырылады.

Жетісудың қызылшасына, Сырдың балығы мен қауынына да улы зәрін төккен зобалаң төркіні сонда. Арал, Балқаш, Каспийдің тартылуының да төркіні осында. Тіптен түркімендер жыл сайын төрт жүз мың тонна мақтасынан да сол сілті қышқылының салдарынан айырылып отыр. Екі бірдей оазисін жоғалтып алды. Бұл бір. Екіншіден, қоршаған ортаның ластануы, жасыл желектің улануы да адам баласына өлім зәрін төгуде. Мұндай алаңдатар проблемалардың түп-тамыры экология екенін ұғына отырып, «Шынымен осының бәріне кім кінәлі?» деген сауал өзекті өртейді.

Қайда барсаң да темір жол мен трассаның бойынан тірнектеп бау жиған шау-шақан, ақ жол жиегіне қонақтаған тозаң мен түтіннің кесапаты удан да жаман екенін дәрігерлік сауаты кем жұртқа түсіндіріп жату қиын. Әрине, түсінген күнде де мал баққан ел: ие, талшық болса да жарайт та, онда тұрған не бар дей салады. Зардабы дастарханға тікелей зауал болып жетпегенмен, ішіп отырған сүтіміздің, жеп отырған етіміздің мәйегі өліп кеткенін аңғара бермейміз» [8; 480], — деген толғаныстан табиғат үйлесімінің бұла қасиетінен ажырау үрдісін көреміз. Экологиялық апат — адамзат баласына ортақ қасірет. Алайда, туған жер мен елге деген перзенттік парыз, адами қасиетке тән ар-ождан тазалығы еселенбейінше, әр адамның өз атамекеніне деген махаббат жер тағдырын келімсектерге, пайда іздегендерге емес, сол жердің шын мәніндегі перзентіне тапсыру қажет. Және де табиғат байлығын ысырапқа салудағы көзбояушылыққа тосқауыл қойылып, кез келген сұрқиялық тамырына балта шабылуы мейілінше шарт.

«Бірақ ендігі жерде тайғаның тағдырын қалымшиқтер мен кездейсоқ келімсектерге қалдыруға болмайды, Алтайға алдымен саналы азамат, іргесі аумақтың ел керек, жердің қасиетін елдің ниеті мен психологиясынан танысақ, бұл да біз бітірген үлкен істің бірі болар еді» [8; 480]. Шындығында, қазақ жеріне табыс пен байлық іздеп келген талай келімсек елімізді ойрандап, жерімізді тонап кетті емес пе? Тек қана пайда ойлаған алаяқтардың адамға деген пейілі дұрыс болмағанда табиғатқа деген мейірі қайдан болсын?!

Кеңестік интернационализмнің беті жылтыр, іші сұрқия саясатының қазақты, оның жерін, табиғатын өркендеткені шамалы. «Ақсу — жер жаннаты» романының экологиясы проблемасын көтерудегі маңызы табиғатты қорғау, аялау және ел мен жерге деген әр азаматтың патриоттық сүйіспеншілігі деуге толық негіз бар. Адам және табиғат үйлесімі сақталмайынша адамның ғана емес, табиғаттың да құрдымға кетуінің өзіндік заңдылығы бар.

Мына жайтты ескеруіміз дұрыс: ол қандай шығарманың болсын, құндылық сипаты көркемдік-эстетикалық сапасымен өлшенетіндігі. Себебі, әдебиет — өнер. Ол рухани шүйгіндігінің құнарын адам болмысынан іздейді, сондықтан да филология факультетінің студенттері үшін көркем әдебиеттің өзіндік табиғатын жете меңгеру деген сөз шығарманың танымдық, тәлімдік, эстетикалық қырын кешенді түрде талдау деген ұғымды білдіретінін пайымдағанымыз орынды.

Қорытынды

Қандай шығарма болса да ондағы кейіпкердің келбеті қаншалықты дәрежеде кескінделгені, замана сипаты мен басты әлеуметтік проблемалардың орны көп жайтты аңғартады. Кейіпкер — шығармадағы басты тұлға. Сондықтан да аталмыш кезеңдегі қазақ повестерінде қаһармандар жүйесінің жасалу ерекшеліктері, өзіндік сипаттары, әр қаламгердің уақытты біртұтас дүние ретінде қабылдауы т.б. кешенді түрде қарастырылды.

Зерттеу барысында өзіміз қарастырған қазақ қаламгерінің шығармашылық болмысы, бейнесі жан-жақты зерделенді. Бейне — бұл шынайы өмірдегі заттар мен құбылыстардың философиялық-

психологиялық тұрғыда сана-сезім арқылы қабылдауының бір мысалы болса, бейнелі ойлау — көркем туындының басты ерекшелігі. Яғни бейне — сананың құбылысы [11; 35].

Әдебиет — сөз өнері ретінде эстетикалық қасиеті бар екені айдан анық. Образ және образдылық әдебиет ұғымдарының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Егер кеңінен қарастырсақ көркем образ өмір шындығын әр қырынан көрсету үшін өнер саласында ғана қолданылатын тәсілді сипаттайтын эстетикалық категория [12; 125]. Әдебиет — ұлттық болмыстың өре-деңгейінің көрсеткіші. Оның, оны жасаушы ақын-жазушының өз халқының перзенті екендігі, өз ел-жұртының өркениет биігінен көрінуіне айрықша ықылас танытып, еңбек сіңіретіні мәлім. Олай болса, біз қарастырған кезеңдегі қазақ қаламгерлері повестерінің көркем уақыт пен кеңістік аясындағы эстетикалық таным, талғамы осындай екен. Осы тұрғыда Қ. Ысқақовтың адам жаны мен болмысын суреттеуі Фарит Халитовтың «Адам жанын саралау көркем прозада өзін өзі рухани тұрғыда тану. Сол арқылы оның ой-қиялдары, пікірлері, жалпы қоғамды, дүниені сезінуін білдіріледі» деген пікірмен тұспа-тұс келетінін атап өткен жөн [13; 63]. Академик З. Қабдоловтың «Жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болу керек. Бұл — қалам иесіне қойылатын бұлжымас талап. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма — мазмұнды шығарма», – деген пікірі дәл Қ. Ысқақов туралы айтылғандай [14; 117].

Қорыта келгенде, бір ақиқатқа ден қойғанымыз абзал: ол ақын-жазушының өз елінің мұң-мұқтажын, арман-аңсарын әлеуметтік шындық етіп көтере білетіндігі. Қ. Ысқақов — сондай қаламгер. Жазушының әлеуметтік шындықты бірде астарлап, бірде ашық түрде көрсете білуі қазіргі таңда бүкіл әлем елдерін айрықша алаңдатып отырған экология проблемасына қосылған үлес деп бағалауымыз қажет [15; 157]. Табиғатқа жасаған қиянат адамзаттың ертеңгі өз болашағына жасаған қиянат екендігін алдын-ала ескерту жасайды. Табиғат жазушы үшін рухани жаңарудың, рухани тазартудың түрі, тазалықтың таразысы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тагудретова Б.Б. М. Байғұт шығармаларындағы әлеуметтік шындық және замандас бейнесі / Б.Б. Тагудретова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — №2(106). — Б. 101-108.
- 2 Жарылғапов Ж.Ж. Жоғары мектепте ұлттық әдебиетті зерттеу мен оқытудың әдіснамалық мәселелері. / Ж.Ж. Жарылғапов // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — №2(106). — Б. 134-140.
- 3 Қабдолов З. Шығармалары / З. Қабдолов. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013.
- 4 Россия—Украина: диалог культур // Дружба народов. — 1997. — № 8. — С. 170–173.
- 5 Кулынтаева Т.Б. Циклическая модель концепта «время» (на основе текстов исторических эпосов) / Т.Б. Кулынтаева, Г. Гүлсевин // Ясауи университетінің хабаршысы. — 2022. — № 3 (125). — С. 59–67.
- 6 Тоқбергенов Т. Аймүйіз / Т. Тоқбергенов. — Алматы: Жазушы, 1990. — 336 б.
- 7 Шортанбай Ш.А. Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссесіндегі қаламгерлер бейнесі және авторлық ұстаным / Ш.А. Шортанбай // Ясауи университетінің хабаршысы. — 2023. — №1(127). — Б. 108-119.
- 8 Ысқақов Қ. Ақсу — жер жаннаты. Роман / Қ. Ысқақов. — Алматы: Жазушы, 1989. — 480 б.
- 9 Ысқақов Қ. Қара орман. Роман / Қ. Ысқақов. Алматы: Жазушы, 1981. — 232 б.
- 10 Толеубаева К.А. Көркем шығармадағы Тәттімбет бейнесі / К.А. Толеубаева, И.С. Насипов // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2019. — №1(93). — Б. 42-49.
- 11 Аймұхамбет Ж.Ә. Көркем туындыдағы бейне мен танбаның қызметі / Ж.Ә. Аймұхамбет, Қ.С. Құрмамбаева, М.Н. Миразова // Ясауи университетінің хабаршысы. — 2023. — №1(127). — Б. 35-45.
- 12 Толеубаева К.А. Көркем идея және драматизм / К.А. Толеубаева, А.М. Смагулова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2023. — №2(110). — Б. 125-131.
- 13 Карипбаев Ж. Әдеби шығармашылықтағы рухани контекст / Ж.Карипбаев // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2019. — №2(94). — Б. 63-70.
- 14 Хамзина К.М. Қасым Аманжолов поэзиясының көркемдік-эстетикалық ізденіс сипаттары. / К.М. Хамзина, М.Т. Оспанғалиева, Ж.З. Кадина // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — №1(105). — Б. 117-123.
- 15 Аширбекова А.Б. О.Бөкей прозасындағы көркемдік-стильдік ерекшелік / А.Б. Аширбекова, К.С. Калыбекова, Т.Х. Абдықадырова // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер: Халықаралық ғылыми журнал. — 2022. — №1(35). — Б. 157-165.

К.С. Калыбекова, К.М. Хамзина

Отражение взаимосвязи человека и природы в казахской прозе (на основе романов К. Исакова)

В статье проанализированы произведения прозы, относящиеся к ведущему жанру художественной литературы. Представлены основные проявления самобытности казахской прозы 70-х годов и изучение творчества выдающегося представителя литературы того времени — Калихана Исакова. Подчеркнута четкая картина действительности, проблем времени в творчестве писателя и сделан акцент на обратных процессах, происходящих на родине. Через романы К. Исакова «Аксу — жер жаннаты», «Қара орман» было рассмотрено острое изложение проблемы экологии, которая в последние годы сильно беспокоит человечество в целом. В результате изучения вопросов экологии природы и тенденции стремления человеческой души к совершенству в органической целостности писатель смог добиться максимального охвата произведений категориями сравнительной, типологической связи. Авторский стиль, мастерство, стилистическая индивидуальность писателя стали основой анализа. Особое внимание в анализируемых произведениях было уделено вопросам содержания и формы, художественным подходам, исторической реальности и художественным решениям. В частности, рассмотрены основные соображения, выводы, имеющие опору на официальные, исторические документы и источники. Эти и другие проблемы нашли отражение в авторском труде в рамках художественных приемов.

Ключевые слова: проза, писатель, природа, экология, герой произведения, проблема, совокупность художественных приемов.

K.S. Kalybekova, K.M. Khamzina

Reflection of social reality in Kazakh prose

The article analyzes the works of prose related to the leading genre of fiction. This work presents the main manifestations of the originality of Kazakh prose of the 70s and the study of the work of an outstanding representative of the literature of that time — Kalikhan Isakov. The article emphasizes a clear picture of reality, the problems of time in the writer's work and the emphasis on the reverse processes taking place at home. Through K. Isakov's novels "Aksu — zher Zhannaty", "Kara Orman", an acute presentation of the problem of ecology, which in recent years has greatly worried humanity as a whole, was considered. As a result of consideration of the ecology of nature and the tendency of the human soul to perfection in organic integrity, the writer was able to achieve maximum coverage of works by categories of comparative, typological connection. The autograph, the skill, the stylistic individuality of the writer became the basis of the analysis. Special attention in the analyzed works was paid to the issues of content and form, artistic approaches, historical reality and artistic solutions, etc. In particular, the main attention was paid to the presence of the main considerations, conclusions based on official, historical documents. These and other issues are considered in the author's work within the framework of artistic techniques.

Keywords: prose, writer, nature, ecology, hero of the work, problem, set of artistic techniques.

References

- 1 Tagudretova, B.B. (2022). M. Baigut shygapmalaryndagy aleumettik shyndyй zhane zamandas beinesi [Social reality and modern image in the work of M. Baigut]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 2 (106), 101-108 [in Kazakh].
- 2 Zharylgapov, Zh.Zh. (2022). Zhogary mektepte ul'tyk adebietti zertteu men oqytudyn adisnamalyk maseleleri [Methodological problems of research and teaching of national literature in higher school]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series*, 2(106), 134-140 [in Kazakh].
- 3 Kabdolov, Z. (2013). *Shygarmalary [Works]*. Almaty: Qazaq entsiklopediasy [in Kazakh].
- 4 (1997). Rossia-Ukraina: dialog kultur [Russia-Ukraine: dialogue of cultures]. *Druzhba narodov — Friendship of Peoples*, 8, 170-173 [in Russian].
- 5 Kulyntaeva, T.B., & Gulsevin, G. (2022). Tsiklicheskaia model kontsepta «vremia» (na osnove tekstov istoricheskikh eposov) [Cyclic model of the concept "time" (based on the texts of historical epics)]. *Yasawi universitetinin khabarshysy — Bulletin of Yasawi University*, 3(125), 59-67 [in Russian].
- 6 Tokbergenov, T. (1990). *Aimuiz [Horns like a month]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].

- 7 Shortanbai, Sh.A. (2023). Q.Ysqaqtyn «Kelmes kunder elesi» roman-essesindegi qalamgerler beinesi zhane avtorlyq ustanym [The image of writers and the author's position in K. Ishak's novel-essay "The Ghost of Unfortunate Days"]. *Yasaui universitetinin khabarshysy — Bulletin of Yasawi University, 1(127), 108-119* [in Kazakh].
- 8 Yskakov, K. (1989). *Aksu — zher zhannaty [Aksu is heaven on earth]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 9 Yskakov, K. (1981). *Qara orman [Black wood]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 10 Toleubaeva, K.A., & Nasipov, I.S. (2019). Korkem shygarmadagy Tattimbet beinesi [Image of Tattimbet in a work of art]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series, 1(93), 42-49* [in Kazakh].
- 11 Aimuhambet, Zh.A., Kurmambaeva, K.S., & Mirazova, M.N. (2023). Korkem tuyndydagy beine men tanbanyn qyzmeti. [The function of the image and symbol in the work of art]. *Yasaui universitetinin khabarshysy — Bulletin of Yasawi University, 1(127), 35-45* [in Kazakh].
- 12 Toleubaeva, K.A., & Smagulova, A.M. (2023). Korkem idea zhane dramatism [Artistic idea and drama]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series, 2(110), 125-131* [in Kazakh].
- 13 Karipbaev, Zh. (2019) Adebі shygarmashylyqtagy rukhani kontekst [Spiritual context in literary creativity]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series, 2(94), 63-70* [in Kazakh].
- 14 Khamzina, K.M., Ospangalieva, M.T., & Kadina, Zh.Z. (2022). Qasym Amanzholov poeziasynyn korkemdik-estetikalыq izdenis sipattary [Characteristics of artistic and aesthetic search of Kassym Amanzholov's poetry]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Filologiya seriasy — Bulletin of Karaganda University. Philology series, 1(105), 117-123* [in Kazakh].
- 15 Ashirbekova, A.B., Kalybekova, K.S. & Abdykadyrova, T.H. (2022). O. Bokei prozasyndagy korkemdik-stildik erekshelik [Artistic and stylistic feature in O. Bokei's prose]. *Qazirgi zamangy manyzdy maseleler: khalykaralyq gylymi zhurnal — Important contemporary issues: an international scientific journal, 1(35), 157-165* [in Kazakh].